

**Шымкент қаласы білім басқармасының  
№53 “Ер-Асыл” бөбекжай-бақшасы  
МКҚК**

**Ересек “Раушан” тобы**

**Ата-аналар жиналыстарының  
құжаттары**

Тәрбиеші: Усипбекова А

Базарбай М

Шымкент қаласы  
2021-2022 оқу жылы

**Шымкент қаласы**  
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**  
**Ересек «Раушан» тобы**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1**

**Тәрбиеші: Усипбекова А**

**Базарбай М**

**2021-2022 оқу жылы**

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №1

Күні: 24.09.2021ж

Уақыты: 10:30

Қатысқаны:20

Қатыспағаны:5

Себепті:3

Себепсіз :2

«Zom» платформасында код доступа: 123456

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру
2. Ата-аналар комитетін сайлап алу
3. Әртүрлі мәселелер.

I мәселе бойынша Ересек «Раушан» тобының тәрбиешісі Усипбекова Айман сөз алды.  
-Біз үлгілік оқу( бағдарламасы) жоспарына сай жұмыс жасаймыз.  
ҚР БҒ министрінің 2012ж 20желтоқсандағы №557 бұйрығы.ҚР-ның Әділет министрлігінде  
2013ж 17 қаңтарда №8275 тіркелді ҚР БҒ министрінің 2018 ж 1қарашадағы №604  
бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартын негізге ала отырып 5 білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу  
қызметтері қарастырылған.

Аптасына оқу жүктемесі-12 сағат

Ұзақтығы 20-25 минут

Вариативтік компонент-2 сағ.

1 –ші аптада: дене шынықтыру-3сағат

Сөйлеуді дамыту-1 сағат

Жаратылыстану-1сағат

Жапсыру-1сағат

Сурет салу-1 сағат

Құрастыру-1сағат

Орыс тілі-1сағат

Музыка-1сағат

Көркем әдебиет-1 сағат

Математика негіздері-1сағат

Вариативтік компонент-2 сағат

2-ші аптада: дене шынықтыру-3сағат

Жапсыру-1сағат

Сурет салу-1 сағат

Мүсіндеу-1 сағат

Қоршаған ортамен танысу-1 сағат

Музыка-2сағат

Жаратылыстану-1сағат

Көркем әдебиет-1 сағат

Математика негіздері-1сағат

Вариативтік компонент-2 сағат

Біз күнделікті ҰОҚ-нің тақырыптарын «Bilimkids» ресурсынан аламыз. Ол бағдарламалар ҚР БҒ министрлігі бекіткен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай жасалған.

Биылғы оқу жылынан бастап смартталған 4К моделі бойынша жұмыс жасап жатырмыз,яғни оқу қызметіне енгіздік.

Әр тақырыпқа сай көрнекіліктер жасаймыз,мысалы фетр матасынан көптеген ойын элементтерін,ертегілерді құрастырып ,балалардың қызығушылығын одан әрі арттырып келеміз.

Теледидар,ноутбүкті қолданамыз. Музыкалық қабілеттерін арттыру мақсатында саз жетекші Тұрдалиева Улана аянбай еңбек етуде. «Өзге тілдің бәрін біл,өз тілінді құрметте»дегендей орыс тілінің маманы Юсвалиева Диляфруз өз ісін жетік меңгерген, білікті маман.

Әдіскеріміз Жантаева Г.Ж. біздің күнделікті оқу жоспарларымызды тексере отырып,өз көзқарасын білдіріп, балаларға қаншалықты жеткізе алатынымызды,қолданылатын ресурстарымызды қадағалап,бізге күш-жігер беріп жігерлендіріп отырады.

Біздің бақшада психолог ,логопед мамандары да жұмыс жасайды.Қажет болған жағдайда оларда көмектерін аямайды.

Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында меңгерушіміз Калибекова А.У. жаңа инновациялық «Интеллектум» ойын түрлерін көптеп алып беріп курсың оқытып,ата-аналар мен балалардың ризашылығын алды.Бұл ойынды балалар сүйіп ойнайды,түрлері өте көп ,оқу қызметінде де қолданамыз.

Баяндама: «Баланың тәрбиесі бесіктен»

II мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Базарбай Меруерт сөз алды. Меруерт ата-аналарға «Баланың тәрбиесі бесіктен басталады» атты баяндамада қысқа да нұсқа етіп оқып берді.«Тәрбие тал бесіктен басталады» Тәрбие баламен сөйлесумен,әңгімелесумен,оған ақыл кеңес берумен ғана шектелмейді. «Ұяда не көрсең,ұшқанда соны ілерсің» дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз.Баланың көп уақыты отбасымен өтеді.Бала дүниеге келгеннен бастап ұлттық тәрбиені санасына сіңіре берсе,өсе келе бала зиянды нәрселерден аулақ болады. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап,үнем бақылап және қадағалап отыру керек» деп жалғастыра берді.

II мәселе бойынша жаңа оқу жылының басынан ата-аналар комитетін сайлап алуды ұсындық.Әмірдің анасы Эльвира Байдуллаева сөз алды! Негізі ата-аналар комитетіне жас,

әрі жас баласы ,жұмысы жоқ үйде отырған ата-аналарды сайлау керек.Бірт жағдай болса,жүгіріп келуге дайын болады: деп ойын айтты.Көптеген ата-аналарымыз жұмыс бабында екендерін айтты. Кейбіреулері кішкентайлары бар екендігін айтты. Соңында барлығы бірауыздан Райхан Мырзаеваны төрайым етіп сайлауды ұсынды ,ал көмекшілері ретінде Есмаханбет Ақбота мен Джаналиева Екатеринаны сайлады.Барлығы бір ауыздан келісті.

III мәселе бойынша :

1. Төлемақыны әр айдың 10-на дейін төлеп тұру керектігін ескертіп айттық.
2. Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін,ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік .

Кешікпей келуді түсіндіріп айттық .Балаларды ауа-райына сай киіндіруді ескерттік.

Қаулы:

1. Ата-аналар бақшамене тығыз байланыста болсын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы болып Мырзаева Райхан көмекшілері болып Джаналиева Екатерина мен Есмаханбет Ақбота тағайындалсын.
3. Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін,ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін.

Төрайым: Усипбекова А.



Хатшы : Базарбай М







Айман Усипбекова



Шымкент 120 ЖОББМ Кудай...



Айман Усипбекова



Улан Батырхан



**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**

**Ересек «Раушан»тобы**

## **Ата-аналар жиналысының хаттамасы№2**

**Тәрбиеші: Усипбекова А**

**Базарбай М**

**2021-2022ж**



## Ата-аналар жиналысының хаттамасы

### Хаттама №2

Күні: 08.12.2021ж  
Уақыты:10:30  
Қатысқаны:20  
Қатыспағаны:5  
Себепті:3  
Себепсіз :2

### Күн тәртібі

1. Баяндама «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің»
2. Жаңа жылдық ертеңгілікке дайындық
3. Әртүрлі мәселелер.

I мәселе бойынша «Раушан» тобының тәрбиешісі Базарбай Меруерт ата-аналармен сәлемдесіп, «Денсаулығы сәбидің-қуанышы әр үйдің» атты баяндама оқыды.Ата-аналарға бірінші орында баланың денсаулығына мән беру керектігі жайлы айтып,денсаулық баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние екенін түсіндіріп баяндады.Сондай-ақ баланы ауа-райына байланысты киіндіру керектігін,уақытылы тамақтандыру керектігін айтып өтті. Ата-аналар тыңдап,өз ойларымен бөлісіп ризашылығын білдірді.

II мәселе бойынша топ тәрбиешісі Усипбекова Айман балаларға берілген ертеңгілік іс-шаралары мен таныстырып өтті. Ертеңгілік 28.12.2022ж сағат 11-00 де болатынын айтып хабарлады.Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге ат салысып қатысамыз деп шешті.Балаларды жаңа жыл мерекесіне сай киіндіру керектігін айтты.Жаңа жылдық балалардың сыйлықтарын өзара келісіп бірдей етіп дайындауларын өтінді .Ата-аналар өзара келісіп,ұсыныстарын ортаға салды. Топ тәрбиешісі Базарбай Меруерт жаңа жылдық ертеңгілікке балаларға берілетін сыйлықтар жайлы айтты .Сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа-жылға билейтін номерлері бар екенін ,оларға арнайы киімдердің керектігін айтып өтті.

Эльвира Байдуллаева сөз алды балалар киетін костюмдерін дайындап түгелдеп беретінін айтып өтті.

III мәселе бойынша топ тәрбиешісі Базарбай Меруерт балаларды жыл мезгілдеріне сай киіндіріп жүруді сонымен қатар тәртіптері жайлы айтылды. Балаларды балабақшаға кешіктірмей әкелу керектігін күн тәртібіне сай ,балабақшадан себепсіз қалдырмауын ауырған жағдайда анықтама әкелу керектігін түсіндіріп өтті.

**Қаулы:**

- 1.Ата-анамен балабақша тығыз байланыста болсын.
- 2.Жаңа жылдық мерекеге тәрбиешілер мен ата-аналар бірігіп жұмыс атқарсын.
- 3.Балалардың балабақшадағы күн тәртібі қатаң сақталсын.

Төрайым: Усипбекова А. 

Хатшы : Базарбай М 

**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**

**Ересек «Раушан»тобы**

## **Ата-аналар жиналысының хаттамасы№3**

**Тәрбиеші: Усипбекова А**

**Бердиярова Г**

**2021-2022ж**

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы

### Хаттама №3

Күні :22.02.2022ж

Уақыты:13:30

Қатысқаны:18

Қатыспағаны:7

Себепті:5

Себепсіз :2

### Күн тәртібі

1. Баяндама «Бала тәрбиесі-мектеп талабына сай болу керек»
2. «Не үйреніп? не білдік?»
3. Әртүрлі мәселелер.

Сөз алды:

I мәселе бойынша Усипбекова Айман ата-аналарға «Бала тәрбиесі-мектеп талабына сай болу керек» атты баяндама оқып қысқа да нұсқа етіп оқып берді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық.Сондықтан баланың ең әуелі өсетін ортасы , отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек.Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз.Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыру керек деп жалғастыра берді.

II мәселе бойынша тәрбиеші Бердиярова Гүльназия ата-аналарға жарты жылдық қорытынды есебін берді.Осы күнге дейін балалармен өткізген ашық оқу қызметтерін және айтулы мерекелерге байланысты өткізілген ертеңгіліктер туралы айтып өтті. Ертеңгіліктердің өз деңгейінде өткені туралы айтып өтті. Алда келе жатқан 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі мен Жыл басы-Наурыз мерекесін де ауызбіршілікпен өткізіп алуды ұсынды.Балаларға арнайы тақпақтар берілетінін ,әндер айтылып, билер билейтінін айтып өтті .

Сонымен қатар балалардың білім деңгейін қадағалау үшін бастапқы, аралық, мониторинг есебін берді.Жыл басынант бері балалардың білім деңгейінің біршама жақсарып

қалғанын ,тілдік ,танымдық әлеуметтік дағдыларының орташа деңгейде қалыптасқанын,сондай-ақ шығармашылық қабілеттерінің жоғары деңгейде қалыптасып келе жатқанын айтып алға тартты.

Сондай-ақ балалар дыбыстарды біршама меңгеріп ,есептеу дағдыларының да өз деңгейінде дамып келе жатқанын да айтып өтті.

Сөз алды:

III мәселе бойынша тәрбиеші Усипбекова Айман ата-аналарға балабақшамен тығыз байланыста болуын айтты .Себебі қандай мәселе болмасын осы екі жақпен ынтымақтаса отырып шешілсе ,болашақ ұрпағымыздың тәрбиесі жоғары деңгейде болады дейді.Сонымен қатар баланы балабақшаға кешіктірмей әкелуді айтты .Күн тәртібін қатаң сақтауды айтты.Бала өз уақытысында келіп ,жаттығу жасауы керек,таңғы асқа кешікпей уақытылу керек.Сондай-ақ ұқыпты болып жүруі керектігін айтты.

Қаулы:

- 1.Ата-анамен балабақша тығыз байланыста болсын
- 2.Ертеңгіліктер өз деңгейінде өтсін
- 3.Баланы ауа-райына сай киіндірсін

Төрайым: Усипбекова А. 

Хатшы : Бердиярова Г 

**Шымкент қаласы**  
**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**  
**Ересектер «Раушан»тобы**

# **Баяндама**

**Тақырыбы:**  
**«Бала тәрбиесі-мектеп талабына сай болу керек»**

---

**Тәрбиеші: УсипбековаА**

**Базарбай М**

**2021-2022оқу жылы**



Заман ағымының үздіксіз дамуымен бірге адамдардың мінез-құлқы да күн сайын өзгеруде. Таңдауы да, талғамы да бөлек жастардың тәрбиесі қандай? Балаларына барлық жағдайды жасап бергісі келіп, ақша табу мақсатында тек сыртта жүретін ата-аналардың беріп жатқан тәрбиесі қандай? Қазіргі заманның жастары, өскелең ұрпақты қалай дұрыс жолға салуға болады? Біздің қозғайтын мәселе – осы.

«Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» дейді дана халқымыз. Осы мақалдың қазіргі таңда мәні қалды ма? Қазіргі таңда жастар өз бетімен, дәлірек айтқанда ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланған. Олардың басты тәрбиелеуші құралы – ұялы телефондары. Сырластары да, мұндастары да сол. Бар мамықты астына төседім, бар тәттіні аузына салдым деп ойлайтын ата-ананың бар ойлайтыны – баласын ешкімнен кем қылмай өсіру. Бірақ, олардың кейде ескермей, қалдырып қоятын дүниелері – балаларымен сырласпау, жеке қалмау, оларға уақыт бөлмеу, не істеп, не қойғандарынан хабардар болмау. Міне, басты проблемалық дүниеміз – осы. Жас кезінен бастап жасөспірімдердің бұзақылық әрекеттерге баруы немесе ерте кезінен ана атануы, қараусыз қалуы, барлық іштегі сырының айтылмай «жалғыз» қалуынан депрессияға ұшырап, өз-өзіне қол жұмсауы... тізе берсек, жалғаса беретін ұзақ тізбек. Бұл мәселенің шешімі бар ма? Әлбетте. Қалай? Мысалға алайық, бір түйінді шешудің екі түрлі жолы бар: бірі – қайшымен қию, екіншісі - сол түйінді қалай болса да қолмен шешіп алу. Бірі оңай, бірі – қиынырақ. Біз оңай жолын таңдай салып, жас өмірге балта шаба салып, келте қылмауымыз керек немесе екінші нұсқадағыдай түйінді қинап ашпауымыз керек. Біз о баста не түйінді болдырмауымыз керек немесе он қатты түйіндемеуіміз керек. Бұдан шығатын қорытынды: баланы о бастан дұрыс бағытта тәрбиелеу керек. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін кішкентайынан ұрыс арқылы емес, саналы түрде жеткізе білсе, бала соны сол қалпында қабылдайды. Ашулы түрде ұрыспен жеткізген сөз ол баланың миы қабылдаған күнде де ол ережені бұзса, депрессияға шалдығып, қателігін

мойындауға қорқа бастайды. Бәрі осылай түйінделе-түйінделе үлкен шешілмес мәселеге айналады.

«Жеті жасқа дейін балаңды хандай күт, жеті жастан кейін құлындай жұмса, он бес жастан асқан соң досындай сырлас» дейді. «Халық айтса, қалып айтпайды» деген. Көптің сөзінің жаны бар. Он бес жас – баланың жаңа дүниелерге елітіп, ешкімді тыңдағысы келмей, өзінің позициясын көрсеткісі келіп тұратын өтпелі кезеңінің бастау алар шағы. Демек, сол кезеңдерде балаға психологиялық қолдау керек. Ол кімнен болу қажет? Әрине, ең біріншіден, баланың ата-анасы баланы қолдап, қолпаштап, досындай сырлас болып, тәрбиелей білу қажет. Оның жағдайын түсіне отырып, досы ретінде артықшылығы мен кемшіліктерін, қателіктерін емін-еркін айта алар болса, ол барлығын сол кезден түсініп бастайды. Егер оған ұрып-соғу арқылы түсіндіремін десеңіз, тек кері кеткеніңіз. Оның соңы жоғарыда келтірілген мысалдардағыдай тек қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы бек мүмкін. Сол себепті бала тәрбиесінде баланы досыңыз етсеңіз ата-ана мен бала арасындағы өзге бөтендік шекара жоғалып, ерекше қорған көрініс табады.

Жасөспірім бала – жаңа өсіп келе жатқан жас бұтақ. Оны қалай баптасаң, солай өседі, сондай жеміс береді. Сіздің әрбір жасаған қимылыңыз – сіздің берген тәрбиеніз екенін ұмытпаңыз. Бала – ата-анасының айнасы. Ата-ана қалай тәрбиелеп қалай бағыттайды, бала солай қарай ұшады.



**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**

**Ересектер «Раушан»тобы**

# **Баяндама**

**Тақырыбы:**

**«Не үйреніп?не білдік?»**

---

**Тәрбиеші: Усипбекова А**

**Базарбай М**

**2021-2022оқу жылы**



# Не үйреніп? не білдік?

1. Ұйымдастыру.

- Балалар бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр, енді осы қонақтармен амандасып алайық.

Балалар: Сәлеметсіздер ме?

Психологиялық дайындық.

Жарқырап күнде ашылды

Айналаға нұр шашылды

Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!

Қайырлы күн! Біз сүйкімді баламыз!

- Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз ерекше болмақ. Біздер бүгін сабақта дидактикалық ойындар арқылы жыл бойы өткендерімізді қайталайтын боламыз.

Ойын шарты: Барлық сұрақтарға толық және қатесіз жауап беретін боламыз.

Ал ендеше тұрмайық

Ойынымызды бастайық

Не үйрендік, не білдік

Соны ортаға салайық.

1. Ойын: «Есіңе түсір, жылдам айт»

- Адамға тіл не үшін керек?

.....

2. «Ойлан, тап» ойыны. (тіл дамыту пәні бойынша)

Жұмбақтар шешу:

Қабат - қабат қаттама,

Ақылың болса аттама,

Өшірді, сүртті,

Өзгені құртты,

Өзін де құртты.

Көктемде ақ гүлге оранады,

Күзде қолға доп болып оралады.

3. «Сен білесің бе?» ойыны.

- Қандай ертегілерді білеміз?

Ертегілердің сюжетті суретін көрсету. Балалар қай ертегі екенін табу.

4. «Жалғастыр» ойыны.

Өлеңнің екі жолын оқу. Балалар жалғастыру керек.

Отан сенің ата - анаң,

Отан - досың, бауырың

.....  
.....  
Тоңазып атырап,  
Көп жеміс піседі.

.....  
.....  
Жиып – теріп болатын,  
Қамбаға астық толатын.

.....  
.....  
Тасытқан соң күшімді,  
Шынығуды бітіріп,

5. «Өз орныңды тап» ойыны. (Айналамен қоршаған орта, экология пәні бойынша)

Жыл мезгілдері ретімен өз орындарына тұрады.

Күз, қыс, көктем, жаз.

Сұрақтар: Бір жылда неше мезгіл бар?

Әр мезгілде неше ай бар?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Сауат ашу пәнінен алған білімдерін тиянақтау.

Оқуды көп ойладық,

Қызығына тоймадық.

Әріптерді үйреніп,

Сауат аштық ойланып.

- Балалар, біздер әріптерді, сөздерді оқуды, жазуды қай пәннен үйрендік?

.....

1. «Сөз ойла көп, ойла» ойыны.

а) Әріптерден, буындардан сөз құрату. Сол сөздерге дыбыстық талдау жасату.

Мысалы: а – дауысты, л – дауыссыз, а – дауысты

ә) кітап, әже, Айгүл, мектеп сөздерін қатыстырып сөйлем құрату.

2. «Ой қозғау»

Қайталанып келген әріптерді алып тастау арқылы жасырынып тұрған сөзді табу.

СҚСАРСЛСЫСҒСАСШ ҚАРЛЫҒАШ

Сұрақ: Қарлығаш қандай құс? Осы туралы қандай ертегі білеміз?

3. «Кім біледі?» Ойыны.

а) Бала, машина, қуыршақ, балапан, балабақша сөздерін буынға бөлу.

ә) Сөзді қалай буынға бөлеміз?

4. «Ойнайық та, ойлайық» ойыны.  
а) Әріп көрсетіледі. Балалар қолындағы түстің көмегімен дауысты және дауыссыз дыбыс екенін мұғалімге көрсетеді.

5. «Адасқан сөздер» ойыны.  
а) Тақтаға ілінген суреттердің астына кеспе әріптермен атарын жазады.  
ә) Осы сөздерге сөйлем құрату.

Математика пәнінен алған білімдерін тиянақтау.  
Психологиялық дайындық.  
Есептеуге жүйрік болған жасыңнан,  
Математикаға орын берсең басыңнан,  
Досың солар табылатын қасыңнан.

Балалар, біз тура, кері санауды, қосу мен азайтуы, есеп шығаруды қай пәннен үйрендік?

а) 0 - ден 5- ке дейін тура санау.  
ә) 5 - тен 0 - ге дейін кері санау.

4. «Кім көп біледі?» ойыны.  
Бір аптада неше күн бар?  
- Ретімен айтып беру.

5. Сергіту.  
Топ - топ, топ - топ басайық,  
Жалаудан күн жасайық,  
Жаса, жаса, Алтын күн!  
Жаса, жаса, жарқын күн!

6. «Білгіш болсаң.....» ойыны. (балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту)

- Жұдырықта неше саусақ бар? (5)  
- Анасының мысығы, иті, қызы бар Анасында неше бала бар? (1)  
- Ағашта 4 құс отыр, оған тағы 2 құс келіп қосылды. Ағашты қанша құс отыр? (6)  
- Қолыңда ұшты 4 қаз, қайтып қонды 2 қаз, ұшып кетті нешеуі? (4 - 2)

7. «Көршісін тап» ойыны.  
3 - тің, 7 - нің, 9 - дың, 6 - ның, 10 - ның көршісін тап.

8. «Жоғалған сандар» ойыны.  
Қалдырып кеткен сандарды тауып орнына қою.  
0... 2... ... 6 ... 8 ... 10

**Шымкент қаласы білім басқармасы  
№53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы  
Ересек «Раушан»тобы**

## **Баяндама**

**Тақырыбы: «Бала тәрбиесі бесіктен басталады»**

**Тәрбиешілер: Усипбекова А.Қ**

**Базарбай М.А**

**2021-2022оқу жылы**



Тәрбие-тағ бесіктен басталады. Ана сүтінен нәр алып, әке мейірімінен құршып қандырып, «Әке тағылымы» мен «Ана тағылымын» көріп өскен ұрпақ елін, жерін, халқын сүйсініп елінің болашағын, халқының қамын ойлайтын, жоғын жоқтайтын, парасатты, ой-өріс пен дүниетанымы жоғары, жан-жақты, білімді де білікті, ұлтжанды болып қалыптасады.

Тәрбие-баламен сөйлесумен, әңгімелесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие-тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсете білуінде. Отбасындағы бала тәрбиесі халық өмірімен, қоғамның мақсат-міндеттерімен байланысты болуы керек.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, яғни, қоғамға, өзі өсетін тіршілік ортасының мүшесі болады. Адам дүниеге келісімен өзі көріп отырған адамдардың іс-әрекетіне, қимылына, ас ішуіне, жүріс-тұрысына, сөйлеуіне, ойнауына, әңгімелесуіне тандана қарап, өзі де сол көргендерді есту мақсатында әрекет жасайды. Осыған байланысты «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің»-дейді халық. Сондықтан баланың ең әуелгі өсетін ортасы, отбасы тәрбиесіне өте терең көңіл бөлу керек. Егер отбасында жақсы тәрбие алған болса, өскенде сол тәрбиенің ізімен баруы сөзсіз. Отбасындағы барлық адамдардың іс-әрекеті бала тәрбиесіне бірінші әсер ететін орта. Бала сол ортаға қарап өседі. Сол үшін балаға отбасындағы тәрбиені қоғамдық ортаға байланыстыра отырып берген адам ұтады. Баланың көп уақыты отбасымен өтеді. Бала дүниеге келген күннен бастап ұлттық тәрбиені санасына сіңіре берсе, өсе келе бала зиянды нәрселерден аулақ болады. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап және қадағалап отыруы керек.

Тәрбиенің қиындықтары көп, сол қиындықтан қашпаған ата-ана ғана сайалы тәрбие бере алады. Ол үшін баланың не істеп жүргенін, кіммен ойнайды, қай жерде жүргенін, тапсырманы қалай орындағаны сияқты жұмыстарын қадағалап, түсіндіріп, жан-жақты тәрбие беру, оны ары қарай дамыта білу керек. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың дұрыс болуы, бала тәрбиесінде әке мен шешенің рөлінің өте маңызды екені аян.

Тәрбие-адам тағдырын шешетін ұлы іс. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі-отбасы. Отбасындағы тағылым мен үлгі-өнегенің, балабақшадағы тәлім-тәрбиенің жүйелі жүргізілулерінен бастау алатыны баршаға белгілі. Халқымыз: «Балаңа бес жасқа дейін патшандай қара» дегеннің терең мәні дәл осы кезде іске асатынын меңзесе керек.

Тәрбиенің түп тамыры-ұлтты қадірлеу, ұлттық әлеп-гұрыпты дамыту, ұлттық дәстүрлі жандандыру, ұлтаралық достық қарым-қатынасты нығайтуға үйрету. Оқу қызметтері де, тәрбие де осы бағытта болса ғана баланы ортаға қарап тәрбиелеген боламыз, сонда ғана

Балабақша мен ата-ананың міндеті-әрбір баланың өмірін жақсарту үшін сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Баланың өсіп-жетілуі, жеке тұлға ретінде қалыптасуы оның нәрестелік шағынан жүйелі түрде берілетін тәрбиесіне, тәрбиелей отырып меңгерілетін білім, білік дағдыларына байланысты.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды.

Әрбір ата-ана өзінің баласын Отанға пайдалы, еліне мейірімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да жауапты. Балабақша мен ата-ана арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ.

Тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақты тәрбиелеу мәселесі бүгінгі күннің басты назарында.

М.Жұмабаевтың: «Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда да ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» деген асыл сөзін қағида ете ала отырып, әр бала тәрбиесіне айрықша мән береміз. Баланың жеке тұлғасы бастау алатын бұл кезең әрі маңызды, әрі қызықты. Бала балабақшаның табалдырығын аттағаннан бастап ересектер мен балалардың өмірі айтарлықтай өзгереді. Біз балалардың балабақшаға бейімделгеннен кейін олардың даму қарқынының жылдамдайтынын байқаймыз. Балалардың өз бетінше жасайтын әрекеті жетіле түседі, тілі дамиды, тәрбиешімен, өзге балалармен сенімді қарым-қатынас жасай бастайды. Балаларымыз ата-аналары келгенде өздері жаңа алған білімдерін, дағдыларын көрсетуге асығып жатады.

Еліміздің өркендеуі, дамуы, болашағы қазіргіжас ұрпағымыздың тәрбиелі, жан-жақты білімді болуына көп байланысты. Қазіргі таңда ата-ана мен балабақша арасындағы ортақ мәселе-бала тәрбиесі екенін бәріміз білеміз. Ата-ана үшін бала-оның үміті, өмірінің жалғасы, мақтанышы, болашағы болса, балабақшадағы тәрбиешілер үшін еңбегінің жемісі. Сондықтан да бала тәрбиесі баршамызға ортақ. Баланы балабақшаға берген соң ата-

ана тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып, оның дұрыс тәрбие мен білім алуына бірлесе әрекет етуі тиіс.

Бала-біздің болашағымыз. Олай болса әрбір отбасында балалар саны артып, алдымызда гүлденіп, еліміздің тұғырын биік ұстайтын бүлдіршіндеріміз өсе берсін!

Жана кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі-жас ұрпаққа рухани тәрбие беру. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Адамгершілік-әр адамға тән асыл қасиет.

Адамгершіліктің қайнар көзі-отбасында. Олардың өнерлерінде, әдеп-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті бойына күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған орта мен табиғаттан сіңіреді. Көрнекті педагог В. Сухомлинский айтқандай «Балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сол алған қуанышты өзгеге сыйлай алады.» Сондықтан біз балаларға жан-жақты терең білім беру мен оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін ұялата білуіміз керек.

Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмаймыз деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, қайырымдылық пен мейірімділік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттерді сіңіре отырып, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу-отбасы мен балабақшаның басты мақсаты.

Мектеп жасына дейінгі балалар түсінгенін, қабылдағанын, естігенін, көргенін, қиялын, ойын тіл арқылы жеткізеді. Сондықтан бала тілі өз ана тілінде дамуы үшін ұлттық санасын оята отырып, қазақ салт-дәстүрлерінің озығымен тәрбиелеу керек.

Тәрбиенің негізі-ұлттық тәлім-тәрбие. Тәрбие ғасырлар бойы жинақталып, іріктеп алған озық тәжірибесінен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңірту, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, соған сай мінез-құлқын қалыптастырады.



**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер-Асыл» бөбекжай-бақшасы**

**Ересектер «Раушан»тобы**

# **Баяндама**

**Тақырыбы:**

**«Денсаулығы сәбидің –қуанышы әр үйдің»**

---

**Тәрбиеші: УсипбековаА**

**Базарбай М**

**2021-2022оқу жылы**



Денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш – жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек. Денсаулық — адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөлді қажет, үнемі денсаулықты күтіп, оның қорын көбейтіп отыру керек. «Денсаулық – ол зор байлық» деп бекер айтылмаған. Денсаулық адам өмірінің негізі, тірегі. Денсаулығы нашар адам қоғамда да, отбасына да жайсыз екені белгілі. Адам өз мақсатын денсаулықтың арқасында ғана жүзеге асыра алады. Дегенмен, әрбір адам өмірінде әдеттегі тіршілікпен өз денсаулығына атүсті қарап, профилактикалық тексеруде кейінге қалдырып, күнделікті маңызды мәселермен айналысу орын алады. Бүгінгі таңдағы халықтың алға қойған асыл мұраты – көзі ашық, көкірегі ояу, дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Алайда, жас буынның адамгершілік қасиеті мен дене тәрбиесі қатар ұштасып жатса, бұл – ұлт болашағы үшін баға жетпес байлық екені сөзсіз. Бүгінгі дені сау ұрпақ – еліміздің ертеңгі болашағы. Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі демекші, қазіргі кезде дұрыс тамақтану адамның өмір сүруі мен оның денсаулығының жағдайын анықтайтын және салауатты өмір сүрудің басты факторларының бірі. Денсаулық – әлеуметтік байлықтың негізі, сондықтан оны сақтап, нығайтуға барлық жағдайлар жасалуда. 12 жылдық мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру ерекшелігі – психикалық және физикалық дені сау тұлғаны дамыту. Оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда дені сау бала оқу процесіне белсене араласады, әрдайым жайдары, көңіл- күйі жоғары болады деген принципті ұстанып, әр баланың денсаулығына нұқсан келтірмей, аялай отырып оқыту міндеттеледі. Қай жағдайда болмасын мақсатқа жетуге денсаулықтың алар орны дара. «Денсаулық – зор байлық», яғни денсаулық мықты болса, оған білім мен біліктілікті қоссақ, адам баласы алмайтын қамал болмайды. Адам денсаулығы күнделікті күйбең тіршілігіміздің, өміріміздің, кәсібіміздің тйімді – тиімсіздігіне байланысты. Денсаулықты сақтау, қалпына келтіру мәселесін бүгінгі білім беру жүйесінде түгелімен шешу мүмкін амас. Дегенменде денсаулық сақтау технологияларын пайдалана отырып, жақсартуға болады. Әр тәрбиеші өз іс- әрекетінде дені сау адамның мүмкіншілігінің зор екенің, денсаулық ең құнды байлық екенін ескертіп және де салауатты өмір салтын ұстануға баланы бейімдеуі керек. Ата – анамен бірлесе отырып, баланың оқуына, рухани, физиологиялық дамуына көмек жасауын ұйымдастыру керек. Қазіргі денсаулық сақтау мәселелері көп.

Балалармен бірге жеке денсаулығын сақтау және дамытуда: - Дене саулығы; - Психикалық денсаулығы; - Неврологиялық аурулардың білінуі; - Әлеуметтік дезадаптация; - Сөйлеудің дамуы. Жазғы демалыс уақытында балалар демалысы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету барысында балалардың денсаулығын нығайту мен сақ

Балалармен бірге жеке денсаулығын сақтау және дамытуда: - Дене саулығы; - Психикалық денсаулығы; - Неврологиялық аурулардың білінуі; - Әлеуметтік

дезадаптация; - Сөйлеудің дамуы. Жазғы демалыс уақытында балалар демалысы мен сауықтырылуын қамтамасыз ету барысында балалардың денсаулығын нығайту мен сақтауға ықпал етуші факторлар: 1. Демалыс жағдайының қауіпсіздігі; 2. Сапалы медициналық қызмет көрсету; 3. Күн тәртібінің жүйелілігі; 4. Денсаулықты нығайтуға бағытталған дұрыс тамақтандыру; 5. Демалыс уақытының дұрыс бөлінуі мен тиімділігі; 6. Қозғалыс белсенділігінің тиімділігі; 7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру; 8. Адам ағзасының қажетті қоректік заттармен қамтылуы; 9. Ағзаның өсуі мен дамуының көрсеткіштерін бақылау мен байқауға, дамытуға ата – аналарға арналған алғашқы медициналық сауаттылық лекциялар дайындау, оқу; 10. Жас ата –аналармен жұмысты нығайту; Сондай – ақ: - Зиянды заттардың адам организмiне, болашақ ұрпағына әсер туралы; - Дүние жүзі денсаулық сақтау ұйымының адам организмiндегі зиянды факторлармен күресу; - Күнделікті тұрмыста пайдаланатын химиялық заттардан сақтану, балаларды қорғау; - Ауырған кезде дәрі –дәрмектерді шамадан тыс көп пайдалану т.с.с. тақырыптарда сабақ өтілуі тиіс. Білім беру жүйесінде қолданылатын денсаулық сақтайтын технологияларынан денсаулықты қорғауға қатысты әр түрлі әдіс –тәсілдерді айқындауға болады: - медициналық – гигиеналық технологиялар – дене шынықтыру денсаулық сақтайтын технологиялар - экологиялық денсаулық сақтайтын технологиялар – өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялар - денсаулық сақтайтын оқыту технологиялары - оқу – тәрбиелік технологияларына оқушыларда денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыру, өзінің денсаулығын күту сауаттылығы жөнінде

оқыту, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру. Бұл мақсаттардың орындалуы келесі білім беру үрдістерге байланысты: - санитарлық ережелерге сай оқу үрдістінің тиімді ұйымдастырылуы; - балалардың қимыл – қозғалыс белсенділігінің тиімді ұйымдастырылуы; - салауатты өмір салты және денсаулық құндылықтары қалыптастыру жөнінде жүйелі жұмыстар. Міне осы мәселелер төңірегінде қоғам болып қолға алып, бірлесе жұмыстану қажет. Адам денсаулығын сақтау мәселелерінде жалпы өзінің организмінде болып жатқан өзгерістерді тыңдап, түсініп, қалпына келтіру әр саналы адамның ісі.